

## Біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 126 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 03 мамырда № 4-2-173 тіркелді. Күші жойылды - Жылыой ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 123 қаулысымен

**Күші жойылды - Жылыой ауданы әкімдігінің 2013.03.07 № 123 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1 тармағы 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына және аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 31-3 "2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне сәйкес аудан әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Келесі санаттағы азаматтарға біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 100000 (жүз мың)  
т е н г е м ө л ш е р і н д е ;

2) басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушыларға,  
а т а п а й т қ а н д а :

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде), жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге, ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілеріне, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен

қызметшілерге және басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілерге 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

3) 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға, Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балаларына 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

4) Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлердің қайталап некеге отырмаған зайыптарына (жұбайларына), Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

5) бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

6) он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде.

**Ескерту. Қаулының 1-тармағы 5, 6 тармақшалармен толықтырылды - Жылыой ауданы әкімдігінің 2012.09.20 № 318 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Әлеуметтік көмекті төлеу жөніндегі уәкілетті орган болып "Жылыой ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары І. Елтезеровке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Р. Нұғманов*